

Сабақтың тақырыбы:

Дос болайық бәріміз

Мақсаты:

Балалардың достық туралы ұғымын кеңейту және нақтылау. Достарға деген қарым – қатынасты қалыптастыру, достықты қадірлей білу, бір-біріне көмек көрсету және қамқор болуға үйрету.

“Шаттық шеңбері”

Армысың досым,
Кел, маған қосыл
Алақанға салып алақан,
Шеңберге бірге тұрайық
Жер шарындай айналып,
Әлемге жарық ұқсайық.
Қолымызды көтеріп,
Күннің нұрын алайық.
Ортамызда күн нұры,
Құшаққа оны алайық.




Әңгімелесу

Айнымас досы бар адам – ең бақытты адам – дегенді қалай түсінесіңдер.



Жаңа ақпарат

“Адамдар бір-біріне адал, қалтықсыз сеніп, ортақ көзқараста болса ғана достықтары берік болады. Достық – өзара жауапкершілік пен қамқорлықтың, рухани жақындықтың белгісі.”





Айнымас дос деген адал дос
деген түсінікті де береді. Досы
уәдесіне берік болса, қандай
жағдайда да досымен бірге
болса, қолынан келген көмегін
аямаса, оның көңілін көтеріп
жабырқағанда қасынан табылса,
ол әрине айнымас дос.



Оқулықпен жұмыс

“Екі дос” мәтінді оқу

ТЫНЫШТЫҚ СӘТІ




Жақсы жолдас – жанға серік,

Жаман жолдас – малға серік.

**Достық малға емес, басқа жарасады,
Нағыз дос бір-біріне шынайы қарасады.**



Амандық шешен

«Татулық – достық кепілі»





Жағдаяттарды талдау







1. Сырым мен Дина дос болатын.
Бірде Сырымның лақтырған добы
Динаның басына барып тиді.

Сырым добын домалатып теуіп ала
жөнелді.








Жанар мен Сырым шын достар
деп, айтуға бола ма? Неліктен?
Олардың достықтары қалай
жалғасады деп ойлайсыңдар?







2. Сен асығып барасың,
ешқандай кешігуге болмайтын
кездесуің бар. Досың саған тез
келіп кетші, бір жағдаймен өте
қатты қысылып тұрмын деді.
Сенің әрекетің.





3. Екінші сынып оқушылары арасында өткізілетін «Өнерге қанат қаққандар» атты жарысқа достары Әлиханды ұсынып, үлкен сенім артты. Жарыс болатын күні Әлихан сабаққа келмей қалды. Олардың сыныптарынан жарысқа ешкім шықпады.

Әлиханның бұл ісіне көзқарастарың қандай? Сендер оның орнында болғанда не істер едіңдер?





Адал достыққа тән қасиеттерді тауып айтыңдар.

- Қуаныш
- Өзара сыйластық
- Еңбек
- Шыншылдық
- Сүйіспеншілік
- Мейірімділік
- Кешірімділік
- Жауапкершілік
- Күлкі
- Оқу
- Өзара көмек
- Сұлулық
- Түсіністік
- Қамқорлық
- Адалдық
- Әдептілік



Жүректен- жүрекке

□ Назарларыңызға
рахмет!!!

